

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 3 тамыздағы № 22 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 09 тамызда № 5031 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 30 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл ауылдық округі әкімінің 29.12.2016 № 30 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 - қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 37 - бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339- II "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес және Темір аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 18 мамырдағы № 14-01/102 ұсынысы негізінде Саркөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ**

### **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Саркөл ауылдық округінің "Масло-Пром" мал қыстағындағы "Баймагамбет" шаруа қожалығы аумағында ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Саркөл ауылдық округінің әкімі*

*К.У. Шалманов*